

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32880 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының жетінші абзацына және 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының және бұйрықтардың құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын;
 - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметтері департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынылуын;
 - 4) осы бұйрықты жұмысында басшылыққа алу үшін облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 22 маусымдағы
№ 234 бұйрығына
1-қосымша

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 12-бабының 5) тармақшасына және 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру адамдарды ерікті түрде қоныс аудару, сондай-ақ адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне (бар болса) көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу), коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу, сондай-ақ экономикалық мобильділік сертификаттары түріндегі материалдық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.07.2024 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) әлеуметтік еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйе - уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі;

3) әлеуметтік келісімшарт - тараптардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы мен еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) арасындағы, ал осы Әлеуметтік кодексте көзделген жағдайларда жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке немесе заңды тұлғалармен құқықтарын және міндеттерін айқындайтын, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

4) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

5) жалдаушы (жалға алушы) – тұрғынжайды жалдау шартындағы тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін тұрақты немесе уақытша иеленуге және пайдалануға алушы тарап;

5-1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

6) еңбек мобильділігі орталығы - жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

7) коммуналдық қызметтер – тұрудың (болудың) қауіпсіз және жайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

8) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес тиісінше мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

9) Қандастарды қабылдау комиссиясы – этникалық қазақтардың қандас статусын алу және ұзарту өтініштерін қарау, ал қоныстандыру өңірлерінде қосымша қандастарды өңірлік квотаға енгізу үшін арналған комиссия;

10) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және интеграциялау қызметтерін көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;

11) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

12) қоныс аударушы – Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;

13) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

14) қызметтік тұрғын үй – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындау кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің ротациясын жүзеге асырған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимі бар тұрғын үй;

15) мансап орталығы - еңбек мобильділігі орталығының аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын филиалы;

16) моноқала – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 пайыздан астамы) шоғырландырылған қала;

17) облыс ішінде қоныс аудару – мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты

жұмыс орнына жұмысқа орналасу немесе кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу мүмкіндігі болған кезде экономикалық даму әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына бір облыс шегінде қоныс аудару;

18) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия – ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы жанындағы халықты жұмыспен қамту , жұмыспен қамтудың және әлеуметтік көмектің өңірлік карталары бөлігінде облыстардың даму жоспарын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

19) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган - облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарын айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

20) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы, халықты жұмыспен қамту, жұмыспен қамтудың және әлеуметтік көмектің өңірлік карталары бөлігінде облыстардың даму жоспарын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

21) өңіраралық қоныс аудару – "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Әлеуметтік кодекске сәйкес қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы айқындайтын өңірлерге адамдардың ерікті түрде қоныс аудару;

22) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

23) тұрғын үйді жалға алу (жалдау) – тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін жалға берушіге (жалға алушыға) тұрақты немесе уақытша иелену және ақыға пайдалану үшін беру;

24) тұрғынжайды жалдау шарты – оған сәйкес жалдауға беруші жалдаушыға тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін ақы төлеп пайдалану құқығын беретін шарт;

25) тірек ауылдық елді мекен – сол жерде тұратын халықты және іргелес орналасқан ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі - АЕМ) тұрғындарын мемлекеттік және ауылдық кластерді құрайтын әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым жасалатын абаттандырылған ауылдық елді мекен;

26) халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны

саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) шағын қала – халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала;

28) шекара маңындағы аумақтар – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан 50 километрге дейінгі қашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылымдардың және елді мекендердің аумақтары;

29) Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері – шекарада орналасқан Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

30) экономикалық өсу орталықтары – өңір экономикасында инновациялар мен прогресс көзі функциясын орындайтын, "ауқым әсерінің" арқасында өндіріс факторларының тартылыс (шоғырлану) полюстері болып табылатын және жаңа тауарлар шығаратын және қызметтер көрсететін серпінді дамып келе жатқан салалардың кәсіпорындары орналасатын нақты елді мекендер;

31) Электрондық еңбек биржасы - осы Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуді, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуге жәрдемдесуді қамтамасыз ететін, іздеушілер мен жұмыс берушілерге арналған жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық тұғырнамасын білдіретін ақпараттандыру объектісі;

32) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.03.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.05.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы екі бағытта жүзеге асырылады:

1) қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы айқындаған өңірлерге;

2) бір облыс шегінде.

5. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік, аудандық (қалалық) комиссия облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың халықты жұмыспен қамту бөлігінде

облыстың даму жоспарын, өңірлік жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек картасын іске асыру мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

6. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары АЕМ, шағын және моноқалалар, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ экономикалық өсу орталығы қатарынан елді мекендердің тізбесін жасақтайды.

7. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган көші-қон мәселелері бойынша уәкілетті органның келісуі бойынша қоныс аударушылар мен қандастарды қоныстандыру мақсатында адамдарды ерікті қоныстандыру, оның ішінде облыс ішінде қоныстандыру үшін жыл сайын, уәкілетті орган бекіткен алдыңғы күнтізбелік жылға қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын ескере отырып, 15 желтоқсанға дейін елді мекендердің тізбесін бекітеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган елді мекендер тізбесін Электрондық еңбек биржасында, "Қоныс аудару" бөлімінде орналастыруды қамтамасыз етеді және еңбек мобильділігі орталықтарына, ауылдық округтердің әкімдіктеріне жібереді.

9. Еңбек ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару шаралары тізбеге кірмейтін өзге де елді мекендерде іске асырылмайды.

10. Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу жөніндегі шараларға жұмыс іздеуші адамдар және (немесе) жұмыссыздар, қандастар, сондай-ақ жұмыс берушілер қатысады.

11. Жұмысқа орналасу үшін жұмыс іздеп жүрген адамдар және жұмыссыздар арасында Әлеуметтік кодексінің 2-бабына сәйкес жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару үшін:

1) балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің түлектері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;

2) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері;

3) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басымдықты пайдаланады.

12. Қоныс аударушыларды және олардың отбасы мүшелерін (бар болса) жұмысқа орналастыру үшін жаңа тұрғылықты жерге өңіраралық ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу:

1) мемлекеттік қызметшілерге;

2) ҚР ҰҚС 01-2017 кәсіптік жіктеуіштің тоғызыншы тобына жататын біліктілігі төмен жұмысшыларға;

3) қоныс аударушының отбасы құрамындағы адамдарды қоспағанда, жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдарға;

4) бұрын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қоныс аударушылар мен қандастарды қоныстандыруға арналған өңірлерде тұрақты тұрған және өтініш беру сәтінде еңбек күші артық өңірлерде екі жылдан кем тұрақты тіркеуі бар адамдарға қолданылмайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары жеке тұлғаларға бір рет көрсетіледі.

14. Осы Қағидалардың 18, 49 және 76-1-тармақтарында көзделген жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару шаралары туралы мәліметтерді мансап орталықтары әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйеде және (немесе) Электрондық еңбек биржасында орналастырады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Өңіраралық қоныс аудару тәртібі

15. Өңіраралық қоныс аудару жұмыс күші артық облыстардан (бұдан әрі – шығу өңірлері) жұмыс күші жетіспейтін облыстарға (бұдан әрі – қабылдау өңірлері) жұмысқа орналастыруға немесе кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу бойынша міндеттемелермен жүзеге асырылады.

16. Алматы, Жамбыл, Жетісу, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары кейінгі 10 жылда облыстағы халық саны жыл сайын 2 %-дан артық өсетін және/немесе халқының тығыздығы шаршы километрге 6,4 адамнан асатын шығу өңірлері болып айқындалған.

17. Қабылдау өңірлері Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасымен айқындалады.

18. Ерікті қоныс аударатын адамдарды мемлекеттік қолдау мыналарды:

1) жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге, тұрғын үйді жалдау (жалға алу), коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен экономикалық мобильділік сертификаттары түрінде материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай берген жағдайларды қоспағанда, жатақханаларда қызметтік тұрғын үйлер немесе бөлмелер беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесуді;

5) жұмысқа орналасуға субсидиялар бере отырып, жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті қоныс аудару шараларына қатысатын жұмыс берушілерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Жұмыс іздеп жүрген және (немесе) жұмыссыз адам ретінде тіркелген "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") және "Жарқын Болашақ" жобаларына қатысушылар қатарындағы түлектер, сондай-ақ қандастар шығу өңіріне/мемлекетіне қарамастан ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысады.

Бұл ретте, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") және "Жарқын Болашақ" жобаларына қатысушылар қатарындағы түлектер оқу өңіріне қарамастан қабылдау өңірінде осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алады. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы осы Қағидаларда көзделген ерікті түрде қоныс аударуда мемлекеттік қолдаудың ұсынылатын шараларын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мансап орталықтары үш жұмыс күні ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) желінің абоненттік құрылғысы және ЭҮП арқылы өтініш берушілерді хабардар етеді және оларға әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органы, сондай-ақ, қандастарды қабылдау комиссиясы қабылдаған шешімдердің көшірмелерін ұсынады, үміткерді жаңа тұрғылықты жерде қабылдауға дайын екендігі туралы хабардар етеді.

21. Хабарламаны алғаннан кейін қоныс аударуды қандастар және қоныс аударушылар дербес жүзеге асырады.

22. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Қабылдау өңірінің мансап орталығы қоныс аударушы жаңа тұрғылықты жерге келгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарттың жобасын дайындайды және қол қою үшін еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Еңбек мобильділігі орталығы екі жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылған әлеуметтік келісімшартты қандас немесе қоныс аударушымен одан әрі жасасу үшін мансап орталығына жібереді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Бір қабылдау өңірінің ішінде қоныстандыру ауданынан/қаласынан тыс бір елді мекеннен басқа елді мекенге көшкен жағдайда қандас не қоныс аударушы тиісті мансап орталықтарын хабардар етеді және жаңа тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік келісімшарт жасасады.

25. Өңіраралық қоныс аударуды ұйымдастыру мақсатында шығу және қабылдау өңірлерінің еңбек мобильділігі орталығы шығу өңірлерінде бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастыру, қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың белгіленген өңірлік квота, еңбек нарығындағы жағдай, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс туралы, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету шарттары және қабылдау өңірлеріне танысу сапарларын ұйымдастыру арқылы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

26. Өңіраралық қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2-параграф. Жұмыс берушілердің қатысуымен өңіраралық қоныс аудару тәртібі

27. Жұмыс берушілерге өңіраралық қоныс аударуда жәрдем көрсету үшін мансап орталықтары өңірлік кәсіпкерлер палаталарының филиалымен бірлесіп, жұмыс берушілерге ерікті өңіраралық қоныс аудару шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің тәртібі мен шарттары туралы консультация береді.

28. Қабылдау өңірінен еңбек ресурстарына қажеттілігі бар жұмыс берушілер персоналды:

1) мамандық (кәсіп) бөлінісінде және жұмыс шарттарында қажетті жұмыскерлердің санын көрсете отырып, бос жұмыс орындары туралы өтінімді орналастыру жолымен Электрондық еңбек биржасы не қандастар мен Қазақстан Республикасының азаматтары

қатарындағы ізденушіні (бұдан әрі – ізденуші (лер) түйіндемені қарау жолымен шығу өңірлерінен таңдау арқылы іріктейді.

Ақпаратта жұмыс берушінің есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде, қосымша қолдау шаралары және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) шығу өңірлеріне бару арқылы;

3) бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысу арқылы іріктейді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жұмыс беруші кадрларды алған кезде Электрондық еңбек биржасы арқылы ізденушінің (лердің) байланыс деректері туралы ақпарат алу үшін ізденушінің жүйесінде идентификаторды қамтитын сұрау салуды қалыптастырады.

Жұмыс беруші кадрларды іріктеу кезінде шығу өңірлеріне бару және бос орындар жәрмеңкелеріне қатысу жолымен ізденушімен (лермен) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Көшудің тәртібі мен шарттарын жұмыс беруші мен ізденуші азаматтық-құқықтық сипаттағы Шартқа сәйкес келіседі.

31. Жұмыс беруші ізденушінің (лердің) көшу шарттары келісілгеннен кейін мамандық (кәсіп) бөлінісінде және жұмыс шарттарында жұмыскерлердің саны көрсетіле отырып, ізденуші (лер) туралы мәліметтерді мансап орталығына жібереді, сондай-ақ ізденушіге (лерге) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтінішпен жүгіну туралы хабарлайды.

Ізденушінің (лердің) өтініші мен құжаттары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларында көзделген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Ізденушіні (лерді) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20

бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Мансап орталығы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) желінің абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушіні қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

35. Жұмыс беруші ақпараттық-коммуникациялық технологиялар немесе желінің абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс іздеушіні шығу өңірінен жаңа тұрғылықты жерде қабылдау дайындығы және жайластыру және үй беру мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

36. Өңіраралық қоныс аударуға жәрдемдесетін қабылдау өңірінің жұмыс берушісіне тұрақты жұмысқа орналастыру және кемінде екі жыл мерзімге тұрғын үймен қамтамасыз ету шартымен қабылданған әрбір жұмыскер үшін бір мезгілде 400 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде жұмысқа орналасуға субсидия (бұдан әрі – жұмысқа орналасуға субсидия) беріледі не кемінде бес жылға тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмысқа орналастыру шартымен қоныс аударушының немесе қандастың отбасына тұрғын үй беру үшін тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде, бірақ 1160 АЕК асырмай жұмыс беруші шығыстарының бөлігі өтеледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Бес жыл өткен соң, тараптардың келісімі бойынша жұмыскер азаматтық-құқықтық сипаттағы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй сатып алады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Жұмыс берушіге жұмысқа орналасуға субсидия берілген және шығыстарын өтеу кезінде көшуге субсидия төленбейді және тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар қандасқа және қоныс аударушыға өтелмейді.

39. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21173 болып тіркелді) бекітілген Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларына сәйкес жұмыс беруші қандастар және қоныс аударушылар қатарынан жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбек шарттары бойынша мәліметтерді "Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ААЖ-ға орналастыруды қамтамасыз етеді.

40. Жұмыс берушілер қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім шығарылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жұмысқа орналасуға өтініш берушіге (лерге) қатысты жұмысқа орналасуға субсидия төлеу туралы немесе шығыстарды өтеу туралы өтінішті қабылдау өңірінің мансап орталықтарына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төмендегі растайтын құжаттармен бірге береді:

1) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өңірлік комиссияның шешімі немесе қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияның қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімі;

2) жұмыс берушінің қолымен және мөрімен (бар болса) расталған жұмыскермен (лермен) жасалған еңбек шартының көшірмесі;

3) осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеу туралы өтінішпен жүгінген жағдайда сатып алынатын жылжымайтын мүліктің құнын бағалай және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы хабарлама ала отырып, тұрғын үйді сатып алу-сату шарты;

4) осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген жұмысқа орналасуға субсидия төлеу туралы өтінішпен жүгінген жағдайда жалдау не өтеусіз пайдалану шарты.

Көрсетілген құжаттар көшірмелерде және түпнұсқаларда ұсынылады. Оларды салыстырғаннан кейін мансап орталықтарының түпнұсқалары жұмыс берушіге қайтарылады.

Жұмыс беруші құжаттар топтамасын және дұрыс емес мәліметтерді, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, мансап орталығының қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Мансап орталығы жұмыс берушінің жұмысқа орналасуға субсидия төлеу немесе жұмыс берушінің шығыстарының бір бөлігін өтеу туралы өтініші қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге жұмысқа орналасуға субсидиялар төлеу не жұмыс берушінің шығыстарының бір бөлігін өтеу туралы шешім қабылдау үшін еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Еңбек мойбльдiлiгi орталығы өтiнiш қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнi iшiнде жұмысқа орналасуға субсидия беру туралы не осы Қағидаларға 3-1 және 3-2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушiнiң шығыстарының бiр бөлiгiн өтеу туралы немесе себептерiн дәлелдi негiздеi отырып, оларды беруден бас тарту туралы шешiм шығарады.

Жұмыс берушiге жұмысқа орналасуға субсидия беруден бас тарту не жұмыс берушi шығыстарының бiр бөлiгiн өтеу үшiн мыналар негiз болып табылады:

1) жұмыс берушiде жалақыны төлеу бойынша алты айдан астам, сондай-ақ есептелген салықтар, алымдар және бюджетке төленетiн өзге де мiндеттi төлемдер бойынша анықтама берiлген күннiң алдындағы үш айдан астам банк немесе оның филиалы алдында берешегiнiң болуы (егер тұлға бiрнеше екiншi деңгейдегi банктiң немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдiк банктiң клиентi болып табылған жағдайда, осы анықтама осындай банктердiң әрқайсысынан ұсынылады);

2) жұмыс берушi ұсынған құжаттардың, сондай-ақ қолданылу мерзiмi өткен толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) олардағы деректердiң (мәлiметтердiң) сәйкессiздiгiн ұсыну;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтiк қорғау министрiнiң 2020 жылғы 3 қыркүйектегi № 353 бұйрығымен (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 21173 болып тiркелген) бекiтiлген Еңбек шарттарын есепке алудың бiрыңғай жүйесiнде еңбек шарты туралы мәлiметтердi беру және алу қағидаларына сәйкес iзденушiмен жасалған еңбек шарттары бойынша мәлiметтердiң болмауы;

4) осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген мерзiмдерге сәйкес жұмыс берушiнiң iзденушiге (лерге) жаңа тұрғылықты жерiнде тұрғын үй беруi туралы құжаттардың болмауы.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтiк қорғау министрiнiң 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

43. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушi шығыстарының бiр бөлiгiн өтеу не жұмыс берушiге субсидия төлеу, өңiрлiк квотаға қосу, қызметтiк тұрғын үй беру жөнiндегi талаптар көзделетiн үшжақты әлеуметтiк келiсiмшарт еңбек мобильдiлiгi орталығы, ерiктi қоныс аударуға қатысушы және жұмыс берушi арасында еңбек мобильдiлiгi орталығы жұмысқа орналасуға субсидия төлеу немесе жұмыс берушiнiң шығыстарының бiр бөлiгiн өтеу туралы шешiмдер қабылданған күннен бастап екi жұмыс күнi iшiнде жасалады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Әлеуметтік келісімшарт жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде еңбек мобильділігі орталықтары жұмыс берушінің екінші деңгейдегі банкте немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымдарда ашқан дербес шотына ақшалай төлемді аударады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Жұмыс берушінің ұсынысы бойынша әлеуметтік келісімшартта материалдық көмекті ұсыну, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамту бөлігінде қоныс аударушылар мен қандастарды қолдаудың қосымша шаралары көзделеді.

46. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын еңбек мобильділігі орталығы, мансап орталығы және жұмыс беруші бақылайды.

47. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Бір облыс шегінде қоныс аударуды ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Бір облыс шегінде қоныс аудару (бұдан әрі – облысшілік қоныс аудару) облыс шегінде АЕМ-нен және экономикалық даму әлеуеті төмен моноқалалардан АЕМ-ге, экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары шағын және моноқалаларға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз ету болған кезде немесе жұмыс берушілер, жұмысқа орналастыру немесе кәсіпкерлік бастаманы дамыту жұмыс берушілер есебінен экономикалық өсу орталықтарына жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Ерікті түрде қоныс аударатын адамдарды мемлекеттік қолдау:

1) жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй ұсынған жағдайларды қоспағанда, қызметтік тұрғын үй немесе жатақханалардан бөлме беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесуді;

5) жұмысқа орналасуға субсидиялар бере отырып, жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті қоныс аудару шараларына қатысатын жұмыс берушілерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

50. Бір облыс ішінде қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары жергілікті бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

51. АЕМ-де және экономикалық әлеуеті төмен моноқалаларда тұратын, облысшілік қоныс аударуға қатысуға ниет білдірген және жоспарлаған адамдар ерікті облысшілік қоныс аударуға қатысушылар болып табылады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Облыс шегінде қоныс аударуды жоспарлап отырған адамдар тұрғылықты жеріндегі мансап орталықтарына/ауылдық округтер әкімдіктеріне жүгінеді.

53. Мансап орталықтары және/немесе ауылдық округтердің әкімдіктері үміткерлерге облыс ішіндегі ерікті қоныс аударуға қатысу тәртібі мен шарттары және көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары туралы консультация береді.

54. Ауылдық округтердің әкімдіктері бір облыс ішінде қоныс аударуға қатысуға үміткерлердің тізімін мансап орталығына жібереді.

55. Мансап орталықтары бір аудан ішінде және облыс шегінде көшуді жоспарлап отырған үміткерлердің тізімдерін қалыптастырады, қоныс аударуға қатысу тәртібі мен шарттары туралы консультациялар береді.

56. Облыс ішінде қоныс аударуға үміткерлер келісім берген жағдайда мансап орталығына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) еңбек өтілін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

3) білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса) қоса бере отырып өтініш береді.

57. Мансап орталықтары құжаттарды қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде басқа ауданға көшкісі келетіндердің өтініштерін және құжаттарын әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға, бір аудан ішінде көшкісі келетіндердікін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның қарауына жібереді.

58. Әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органы облыс шегінде облыстық (аудандық) маңызы бар қалаға көшкісі келетін адамдардың өтініштері мен құжаттары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның қарауына жібереді.

59. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар өтініш берген адамдардың құжаттарын қарау қорытындысы бойынша өтініштер келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде облыс ішінде көшетін азаматтарға қатысты қоныс аударушылар құрамына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді.

60. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар ұсынымдар әзірлегеннен соң үш жұмыс күні ішінде ұсынымдарды мансап орталықтарына жібереді.

61. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік және аудандық (қалалық) комиссияның отырысы өтініштер мен құжаттар келіп түскен кезде өткізіледі.

62. Мансап орталықтары ұсынымдарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде комиссиялардың ұсынымдары негізінде өтініш берушілерді облыс ішінде қоныс аудару бойынша шешім қабылдайды.

63. Мансап орталықтары шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде облыс ішінде қоныс аударуға қатысатын адамдарға қабылданған шешім туралы байланыс құралдары арқылы хабарлайды.

64. Мансап орталықтары халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның оң қорытынды бар үміткерге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көшуге жолдама береді. Үміткерлердің көшуі өздігінен жүзеге асырылады.

65. Еңбек мобильділігі орталықтары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт жасайды.

4-параграф. Материалдық көмекті төлеу тәртібі

66. Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген материалдық көмек қоныс аударушыда немесе қандаста қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу және жаңа тұрғылықты жерге келу туралы шешім болған кезде төленеді.

Еңбек ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару шараларына қатысқанға дейін соңғы 36 ай бұрын некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдар азаматтық хал актілерін жазу кітабында некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы ұсынады.

Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес материалдық көмек алу үшін қандас немесе қоныс аударушы осы Қағидаларға 7 және 8 -қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті "www.migration.enbek.kz." порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады, өтінішке өтініш берушінің ЭЦҚ-мен қол қойылады немесе куәландырылады.

"Migration.enbek.kz" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы берілген өтініш жүгінген күні тіркеледі.

Осы Қағидаларға 7 және 8-қосымшада көзделген құжаттардың толық топтамасы берілген жағдайда қандас пен қоныс аударушының "жеке кабинетінде" материалдық көмек көрсету үшін өтінішті қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Осы Қағидалардың 73-1-тармағында көзделген негіздер болған кезде мансап орталығы құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

